ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ, ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛАР УӘЗІРЛІГІ

ӘЖІНИЯЗ АТЫНДАҒЫ
НӨКІС МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКА ИНСТИТУТЫ

БЕКІТЕМІН
Оқу істері бойынша проректор
М.Ибрагимов
« 28 » 06 2025 жыл

# ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ТАРИХЫ ПӘНІНЕН

**(жұмыстық бағдарлама)**

Білім саласы: 100000 – Гуманитар сала

Оқыту саласы: 110000 – Педагогика

Оқыту бағыты: 60111500 - Ана тілі мен әдебиеті (Қазақ тілі және әдебиеті)

**Нөкіс-2025**

**Модул / пән силлабусы**

**60111500 – Ана тілі және әдебиеті (қазақ тілі және әдебиеті)**

<table>
<tr><td colspan="2">Пәннің аты:</td><td colspan="2">Қазақ әдебиеті тарихы</td></tr>
<tr><td colspan="2">Пәннің түрі:</td><td colspan="2">Жалпы кәсіби</td></tr>
<tr><td colspan="2">Пән коды:</td><td colspan="2">QozAT308</td></tr>
<tr><td colspan="2">Жыл:</td><td colspan="2">4</td></tr>
<tr><td colspan="2">Семестр:</td><td colspan="2">5-6</td></tr>
<tr><td colspan="2">Оқыту түрі:</td><td colspan="2">күндізгі</td></tr>
<tr><td colspan="2">Сабақ түрі және семестрге ажыратылған сағаттар:</td><td>120</td><td>120</td></tr>
<tr><td colspan="2">Лекция</td><td>30</td><td>30</td></tr>
<tr><td colspan="2">Практикалық жұмыс</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td colspan="2">Семинар</td><td>30</td><td>30</td></tr>
<tr><td colspan="2">Лаборатория</td><td>-</td><td>-</td></tr>
<tr><td colspan="2">Өзіндік білім</td><td>60</td><td>60</td></tr>
<tr><td colspan="2">Кредит мөлшері:</td><td>4</td><td>4</td></tr>
<tr><td colspan="2">Бағалау түрі:</td><td colspan="2">Сынақ және емтихан</td></tr>
<tr><td colspan="2">Курс тілі:</td><td colspan="2">Қазақша</td></tr>
<tr><td colspan="4" align="center">1. Пәннің мақсаты (ПМ)</td></tr>
<tr><td>ПМ1</td><td colspan="3">Пәнді оқытудан мақсат – студенттерге қазақ әдебиетінің саласы ежелгі дәуір әдебиетінің бастау бұлақтары сақ және ғұн дәуіріндегі қаһармандық дастандар, Орхон-Енесей жазба ескерткіштері және олардың көркемдік ерекшеліктері, орта ғасыр түркі тектес ғалымдардың еңбектері, Алтын Орда дәуірі әдебиеті және XVII ғасырдағы көркемдік-тарихи шежілер туралы, хандық дәуір әдебиеті тұсындағы ұлттық сөз өнері тарихының елеулі бір кезеңін қамтиды. Пәннің мазмұнында ауызша дәстүрлі жыраулық және ақындық поэзияның табиғи сабақтастығы, көркемдік, стилдік жалғастық мәселелері ғылыми-теориялық тұрғыдан мәлімет беру. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті тарихының қалыптасуы мен дамуы. Кеңес дәуіріндегі әдебиет. Қазіргі қазақ әдебиеті тарихының даму басқыштарын үйрену.<br>Пәннің міндеттері – ежелгі дәуір әдебиеті әдебиеттану ғылымының бөлімі ретінде көркем сөз өнерінің тарихын халқымыздың төл тарихынан бөліп жармай, тұтас күйінде алып зерттейтінін аңғарту; ежелгі дәуірдегі шығарманның туылыуын, әдеби өмірдің кемелденуін, сан алуан әдеби бағыттар мен көріктеу құралдарының даму кезеңдерін, әдеби үдерсіке ықпал еткен қаламгерлердің шығармаларын танып-білу; ежелгі дәуір шығармаларын зерттеуге ат салысқан әрідегі, берідегі ғалымдардың ғылыми зерттеу еңбектерімен студенттерді хабардар ету. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің қалыптасу тарихын білу. Қазіргі қазақ әдебиеті өкілдерінің әдеби мұрасымен танысы болу.</td></tr>
<tr><td colspan="4" align="center">Пәнді меңгеру үшін қажетті бастапқы білімдер</td></tr>
<tr><td>1</td><td colspan="3">Тілбілімі негіздері (екеек)</td></tr>
<tr><td>2</td><td colspan="3">Әдебиеттану негіздері (уккепр)</td></tr>
</table>

| 1. Оқыту нәтижелері (ОН) | |
|---|---|
| **ОН1** | қазақ әдебиеті тарихын оқытуда замауни жандасулар және инновацияларды енгізу үшін қажет болатын білім және дағдылар |
| **ОН2** | заманауи талаптар негізінде қазақ әдебиетіндегі әдеби ағымдар мен бағыттар жайлы мәлімет беру |
| **ОН3** | оқыту саласындағы инновациялық қызмет түрлерінен хабардар болу |
| **ОН4** | Қазақ әдебиет тарихын оқытуда қолданылатын бүгінгі күн талаптарын білу |
| **ОН5** | Қазақ әдебиеті тарихы пәнінің мазмұны, құралдары, әдістері және формаларының үздіксіздігі және бірізділігі |
| **ОН6** | оқу жаттығуларында ақпарат ресурстарынан тиімді пайдалану |
| **ОН7** | оқыту мазмұнына сай ақпараттарды қайта өңдеу, жинақтау және оқушыларға меңгерту дағдыларына ие болу |
| **ОН8** | сабақ процесінде инновациялық технологиялардан пайдалану |
| **ОН9** | Қазақ әдебиеті тарихы пәніне қойылатын талаптар негізінде сабақтарды ұйымдастыру ептілігіне ие болу |
| **ОН10** | заманауи технологиялар және инновацияларды кәсіби қызметінде қолдана алу |
| **ОН11** | Қазақ әдебиеті тарихының жетістіктерін, осы бағыттағы зерттеу еңбектерден хабары болуы |
| **1. Пәннің мазмұны** | |
| **Жаттығу қалпы: Лекция (Л) V семестр** | |
| Л1 | **1-тақырып: ХХ ғасырдағы тарихи-әлеуметтік жағдай**[1]. ХХ ғасырдағы тарихи-әлеуметтік жағдай. ХХ ғасыр басындағы әдебиеттегі бағыттар. Тарихи -саяси жағдай, Қазақстандағы оқу-ағарту мәселелері, кітап басу, баспасөз ісінің жандануы, орыс, европа, шығыс классиктері туындыларының аударылуы, проза жанрының өркендеуі, әдебиеттің бағыт- бағдары: ағартушылық бағыт, ағартушыдемократтық бағыт, азатшыл- демократтық бағыт. |
| Л2 | **2-тақырып: Ақмолла (Муфтахиддин) Мұхаммедияров өмірі мен шығармашылығы**. Ақмолла (Муфтахиддин) Мұхаммедияров (1839-1895). Ақынның Башқұрт Республикасында туылып, Стерлітамақтағы татарлар арасында өсуі. Орынбор, Троицкідегі медреселерде оқуы. Ақмолланың Маржани жөніндегі мәрсиясы. |
| Л3 | **3-тақырып: Әбубәкір (Кердері) Шоқанов өмірі мен «Әдебиет қазақия» кітабы** Әбубәкір (Кердері) Шоқанов (1858-1895). Өмірі мен шығармашылығынан мәлімет. «Әдебиет қазақия» кітабы мен айтыстарының ерекшеліктері. |
| Л4 | **4-тақырып: Шаһды Жәңгіровтің өмірі мен шығармашылығы** Шаһды Жәңгіров (1865-1931). Туылып өскен жері – Түркістан төңірегі. Оқып-білім алған ортасы – Түркістан, Ташкент, Бұхара, Самарқанд, Шымкент, Қызылорда медреселерінде мударрис-оқытушы болып, ауылда молда болып қызмет етуі |
| Л5 | **5-тақырып: Нұржан Наушабаев өмірі мен шығармашылығы** Нұржан Наушабаев (1859-1919). Бұрынғы Қостанай уезінің Арақарағай болысында туған. Өскен жері мен оқып білім алған, еңбек еткен ортасы - Қостанай, Торғай төңірегі. «Білімдік дариясынан іштік қанып» деп ол өзінің көп оқығандығынан дерек береді. «Манзумат қазақия» (1903) атты кітабында қазақтың шығу тегі жайлы ел аузындағы аңызды қолдайтыны. |
| Л6 | **6-тақырып: Мәшһүр Жүсіп Көпеев өмірі мен шығармашылығы** Мәшһүр Жүсіп Көпеев (1858-1931). Көп жасап, тарихи талай кезеңдерді басынан өткізді. М.Ж. Көпеев шығармашылығы. Дастандары. Өлеңдерінің тақырыбы мен идеясы. Өлеңдеріндегі имандылық мәселелері. |
| Л7 | **6-тақырып: Мәшһүр Жүсіп Көпеев өмірі мен шығармашылығы** Мәшһүр Жүсіп Көпеев (1858-1931). Көп жасап, тарихи талай кезеңдерді |

[1] https://kazneb.kz/kk/bookView/view?brId=107101

| | |
|---|---|
| | басынан өткізді. М.Ж. Көпеев шығармашылығы. Дастандары. Өлеңдерінің тақырыбы мен идеясы. Өлеңдеріндегі имандылық мәселелері. |
| Л8 | **7-тақырып: Мақыш Қалтаев өмірі мен шығармашылығы** Мақыш Қалтаев (1869-1916). Ақмола-Қараманында туылып, Көкшетау, Ақмола, Солтүстік Қазақстан төңірегінде молда, мұғалім болып қызмет істеуі. Шығармалары діндарлық сарында екені. Мақыш өлеңдерінің тақырыбы мен идеясы.. |
| Л9 | **8-тақырып: Ш. Құдайбердіұлының өмірі мен шығармашы- лығы** Абай өнегесінде тәлім алып, өсуі. Жасынан Абай поэзиясына еліктеуі. Қоғамдық-әлеуметтік, рухани-мәдени, әдеби өмірге белсене араласуы. Ақын прозаик, аудармашы, философ, тарихшы ретінде артында мол мұра қалдыруы. Абай дәстүрін, оның демократтық-гуманистік көзқарасын жалғастырушы, дамытушы |
| Л10 | **8-тақырып: Ш. Құдайбердіұлының өмірі мен шығармашы- лығы** Абай өнегесінде тәлім алып, өсуі. Жасынан Абай поэзиясына еліктеуі. Қоғамдық-әлеуметтік, рухани-мәдени, әдеби өмірге белсене араласуы. Ақын прозаик, аудармашы, философ, тарихшы ретінде артында мол мұра қалдыруы. Абай дәстүрін, оның демократтық-гуманистік көзқарасын жалғастырушы, дамытушы |
| Л11 | **9-тақырып Демократ-ағартушы ақын-жазушылар. М.Сералиннің өмірі мен шығармашылығы** Мұхаметжан Сералин (1872-1920). Өмірі: оқуы, мұғалімдік қызметі. Татар саудагерінде жалданба сатушы болуы. Журналистік қызметі. «Айқап» журналын шығаруы. «Топжарған» поэмасының объективтік мәні. «Гүлхашима» поэмасы махаббатты жырлайтыны, жазба әдебиет дәстүріне бейім екені. «Киіктің көз жасы» атты дастаны. Бұларын баспа бетін көрмеген шағын дүние, көлемі он шақты бет, шығыстық үлгіде жазылған таза діни дастан |
| Л12 | **10-тақырып. С.Көбеев өмірі мен шығармашлығы** Спандияр Көбеев (1878-1956). С.Көбеевтің Ы.Алтынсарин ашқан мектепте оқып, орыстың прогрессивтік мәдениетін табиғи түрде бойына сіңіріп, идеялық жағынан кекселенуі. Оқытушылық қызметі. Крылов мысалдарын аударуы: тұңғыш рет көлемді кітап шығарудың мәдени, идеялық, эстетикалық маңызы. «Қалың мал» романы. Педагог-жазушы С.Көбеевтің қазақ әдебиеті мен мәдениеті тарихында ерекше орын алатыны. |
| Л13 | **11-тақырып.С. Дөнентаев өмірі мен шығармашлығы** Сәбит Дөнентаев (1894-1933). Өмірі. Павлодарда татар медресесінде оқуы. Шығарманың тақырыбы. Сыншыл реализмі әдебиетінің ірі өкілі екендігі. Ағарту, сот қызметінде болып, шығармашылық қызметке 1924 жылы оралуы. |
| Л14 | **12-тақырып. С.Торайғыров өмірі мен шығармашылығы** Сұлтанмахмұт Торайғыров (1893-1920). Шығармашылығының зерттелуі. Өмірбаяны. Троицкіде болуы, оқуы. «Айқап» журналында істеуі. Орыстың прогрессивтік мәдениетіне, орыс тіліне құмартуы, әлеуметтік көзқарасы. Абай, Ғ.Тоқай шығармашылығымен танысуы, олардың идеялық, шығармашылық әсері. Ақын шығармаларының тақырыбы, дәуірге, түрге, жанрға жіктеу. Лирикасы. «Кім жазықты?» романы. Романда үш ұрпақ өмірінің суреттелуі. Публицистикасы. С.Торайғыров - сол дүбірлі кезеңдегі қазақ қауымының ел толғақты мәселелерін күйіне, күңірене жыр еткен азамат ақын екені |
| Л15 | **13-тақырып. Ә.Тәңірбергенұлының өмірі мен шығармашылығы.** Әріп Тәңірбергенұлы (1856-1924). Өмірі, ақындық қызметі. Шығармаларының ауыз әдебиеті дәстүрінде жазылуы. Оларда өз дәуірінің біраз мәселелері көтерілетіні. Әріптің өлеңдері әр қилылығы. Өлеңдерін мазмұн тақырыбына қарай төрт салаға бөлуге болатындығы: ғылым-білімнің пайдасы жайлы; достық, махаббат, дүние, өмір жайындағы өнеге-өсиет сөздер. Әріптің «Біржан мен Сара» айтысын редакциялап, бастырудағы еңбегі. Әріптің аудармалары. |
| | **Жалпы: 30 сағат** |
| **VI семестр** | |
| Л1 | **1-тақырып. А.Байтұрсынов өмірі мен шығармашылығы** Ахмет Байтұрсыновтың (1873-1938) өмірі мен творчестволық жолы. Қазақ |

| | |
|---|---|
| | мәдениеті тарихындағы ірі тұлға, аса көрнекті ғалым, қоғам қайраткері және белгілі де беделді ақын, аудармашы «Қырық мысал» А. Байтұрсыновтың И.А.Крыловтан аударған мысал өлеңдері. Мысалдарды аударуда ұстанған негізгі межесі – халқымызға жақын, таныс дүниелер, ортақ мінез-құлық мысалында ғибрат айтып, үлгілі өнерге шақыруы. А.Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» кітабының ғылымилығы, аудармашылық шеберлігі. Тіл білімі мен әдебиеттану саласындағы еңбегі |
| Л2 | **2-тақырып. ХХ ғасыр 20-30 жылдардағы қазақ әдебиеті.**<br>**М.Дулатов өмірі мен шығармашылығы**<br>М.Дулатовтың (1885-1935) өмірінен мәлімет.«Оян қазақ» жинағындағы өлеңдердегі уағыздаған прогрессивті идеялардың ағартушылық-демократиялық бағыты. «Бақытсыз Жамал» - қазақ әдебиетіндегі тұңғыш роман. Романда суреттелген әлеуметтік теңсіздік, қазақ әйелінің аянышты тағдыры. Жамал образының типтілігі, реалистілігі, автордың адам психологиясын беру, композиция құру шеберлігі. |
| Л3 | **3-тақырып: Мағжан – жарқырап шыққан жұлдыз**<br>М.Жұмабаевтың (1893-1938) өмірі мен творчестволық жолы. Мағжан өлеңдерінде суреттелген еңбекші халықтың ауыр халі, қазақ ауылында етек алған әлеуметтік және рухани әділетсіздік, қатігездік көріністер. Бұл саладағы өлеңдерде халықтық рух, азаматтық әуен, ағартушылық-демократиялық сарын. «Батыр Баян» – тарихи-эпикалық поэма. Поэманың тарихи-әлеуметтік негізі. |
| Л4 | **3-тақырып: Мағжан – жарқырап шыққан жұлдыз**<br>М.Жұмабаевтың (1893-1938) өмірі мен творчестволық жолы. Мағжан өлеңдерінде суреттелген еңбекші халықтың ауыр халі, қазақ ауылында етек алған әлеуметтік және рухани әділетсіздік, қатігездік көріністер. Бұл саладағы өлеңдерде халықтық рух, азаматтық әуен, ағартушылық-демократиялық сарын. «Батыр Баян» – тарихи-эпикалық поэма. Поэманың тарихи-әлеуметтік негізі. |
| Л5 | **4-тақырып. Ж.Аймауытов – шебер жазушы**<br>Ж.Аймауытовтың (1898-1931) өмірі мен шығармашылық жолы, қоғамдық-әлеуметтік мұрасы. Дарынды жазушы, драматург, аудармашы, публицист. Жиырмасыншы жылдардағы қазақ романының тууы мен жетілуіндегі Жүсіпбек творчествосының ролі.<br>«Қартқожа» романы – 1916 жыл мен азамат соғысы кезеңіндегі қазақ ауылындағы әлеуметтік ахуалды, бұқара халықтың қиын-қыспақты өмірін кең қамтып, көркем бейнеленген әдебиетіміздегі алғашқы елеулі шығарма. Тақырыбы мен идеясы. |
| Л6 | **5-тақырып. С. Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылығы**[2]<br>Сәкен Сейфуллиннің (1894-1938) өмір жолы, шығармашылығы, жеке тұлғасы. Сәкеннің кеңес дәуіріне дейінгі творчествосы, өлеңдерінің реалистік сипаты, демократиялық-ағартушылық бағыты, тақырыптық байлығы, суреткерлік шеберлігі. Сәкен өмірі мен шығармашылығының жаңа кезеңі. |
| Л7 | **6-тақырып. Б.Майлин – шағын әңгіме шебері**<br>Б.Майлинің (1894-1938) өмірінен мәлімет. Майлин шығармаларының басты тақырыбы - қарапайым еңбек адамы, қазақтың қалың бұқарасының әлеуметтік өмірдегі жаңалықтарға байланысты сана-сезімдегі өзгерістері, рухани оянуы, өсуі. Майлин – прозаик, шағын әңгіме жанрының майталманы. |
| Л8 | **7-тақырып. Ілияс – өрісі кең, өресі биік, эпик ақын**<br>І.Жансүгіровтың (1894-1938) өмірі мен шығармашылығы. Ілияс үздік акын. Лирикасындағы табиғат және өнер тақырыбы. Жазушылық талантының поэзияда танылуы. Поэма жанрын дамытудағы еңбегі. |
| Л9 | **8-тақырып. 1930-1950 жыллардағы қазақ әдебиеті.**<br>**Жамбыл Жабаев – ұлы сахараның жыршысы**<br>Жамбыл Жабаев (1845-1945). Қазіргі қазақ әдебиетінің прозалық үлкен шығармасымен ғана емес, халық поэзиясының ең жақсы дәстүрлерін дамыту арқылы |

[2] https://kazneb.kz/kk/bookView/view?brId=107101

| | |
|---|---|
| | қазақ мәдениетіне үлес қосуы. Өмірінен мәлімет. Жамбылдың айтыстары. Жамбыл – ірі эпик ақын. «Сұраншы батыр» Жамбылдың төңкеріске дейінгі жылдарының негізгі мотиві ел басындағы ауыр хал, теңсіздік. |
| Л10 | **9-тақырып: С.Мұқановтың өмірі мен шығармашлығы**<br>Сәбит Мұқанов (1900-1973). С.Мұқанов өмірі мен шығармашылық жолы. С.Мұқанов - әдебиеттің барлық жанрында өнімді еңбек еткен, әдебиет зерттеу ісіне де елеулі үлес қосқан көрнекті жазушы. С.Мұқанов өлеңдерінде жасалған қазақ кедейінің жиынтық бейнесі. С.Мұқановтың «Сұлушаш» шығармасы өлеңмен жазылған роман. |
| Л11 | **9-тақырып: С.Мұқановтың өмірі мен шығармашлығы**<br>Сәбит Мұқанов (1900-1973). С.Мұқанов өмірі мен шығармашылық жолы. С.Мұқанов - әдебиеттің барлық жанрында өнімді еңбек еткен, әдебиет зерттеу ісіне де елеулі үлес қосқан көрнекті жазушы. С.Мұқанов өлеңдерінде жасалған қазақ кедейінің жиынтық бейнесі. С.Мұқановтың «Сұлушаш» шығармасы өлеңмен жазылған роман. |
| Л12 | **10-тақырып: М.Әуезов өмірі мен шығармашылығы**<br>Мұхтар Әуезов (1897-1961). Қазіргі қазақ әдебиеті ғана емес, бүкіл дүниежүзілік әдебиеттің көрнекті өкілі екендігі.<br>Прозаның оның ішінде роман жанрының қалыптасып дамуына жазушының үлкен әсері. Қазақ драматургиясының да негізін қалаушылырдың бірі екендігі. М.Әуезовтің өмірі мен шығармашылық жолы. Жазушының 20-30 жылдары жазған шығармаларындағы «Ескілік көлеңкесінде», «Қорғансыздың күні», «Қараш-Қараш оқиғасы» т.б. халық тұрмысының реалистік суреттері. М.Әуезовтің өмірге сыншылдық реалистік суреттері, көзқарасы шеберлік өрнектері, романтизм элементтері. Әңгімелеріндегі «Білек-білекке», «Шатқалаң», «Іздер», «Бүркітші» адам образын жасау, өмір шындығын бейнелеудегі ізденістері. |
| Л13 | **10-тақырып: М.Әуезов өмірі мен шығармашылығы**<br>Мұхтар Әуезов (1897-1961). Қазіргі қазақ әдебиеті ғана емес, бүкіл дүниежүзілік әдебиеттің көрнекті өкілі екендігі.<br>Прозаның оның ішінде роман жанрының қалыптасып дамуына жазушының үлкен әсері. Қазақ драматургиясының да негізін қалаушылырдың бірі екендігі. М.Әуезовтің өмірі мен шығармашылық жолы. Жазушының 20-30 жылдары жазған шығармаларындағы «Ескілік көлеңкесінде», «Қорғансыздың күні», «Қараш-Қараш оқиғасы» т.б. халық тұрмысының реалистік суреттері. М.Әуезовтің өмірге сыншылдық реалистік суреттері, көзқарасы шеберлік өрнектері, романтизм элементтері. Әңгімелеріндегі «Білек-білекке», «Шатқалаң», «Іздер», «Бүркітші» адам образын жасау, өмір шындығын бейнелеудегі ізденістері. |
| Л14 | **11-тақырып: Ғ.Мүсірепов өмірі мен шығармашылығы**<br>Ғ.Мүсірепов (1902-1985). Қазіргі қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі екендігі. Проза мен драматургия жанрын дамытудағы еңбегі. Өмірінен мәлімет. Ғ.Мүсірепов – сөз зергері. Алғашқы әңгімелеріндегі шынайы шындық тақырыбы. Шығармаларына жанрлық тұрғыдан сипаттама беру. Ғабиттің отызыншы жылдарда драматургияға ауысу. Тарихи тақырыпты көбірек суреттеуі. Романдары қазақ әдебиетінің биік шоққысы екендігі. |
| Л15 | **12-тақырып: Ғ.Мұстафиннің өмірі мен шығармашылығы**<br>Ғабиден Мұстафин (1902-1985). Ғ.Мұстафиннің өмірі мен шығармашылығы. Жазушының қазақ әдебиетіндегі бүгінгі заман тақырыбын игерудегі орны. Тарихи төңкеріс тақырыптағы «Дауылдан кейін» романы – жазушының өсу белесі.<br>Жазушының кесек көлемді шығармаларды жазуға бет бұруы, бұл саладағы еңбегі «Шығанақ» романы (1945). «Миллионер» повесі (1948) жаңа мен ескінің арасындағы тартыс. |
| | **Жалпы 30 сағат** |

| Жаттығу қалпы:<br>Семинар жаттығулар (С)<br>V семестр | |
|---|---|
| С1 | Акмолла Мұхаммедияров өмірі мен шығармашылығы. |
| С2 | Әбубәкір (Кердері) Шоканов өмірі мен «Әдебиет қазақия» кітабы |
| С3 | Шаһды Жәнгіровтің өмірі мен шығармашылығы |
| С4 | Нұржан Наушабаев өмірі мен шығармашылығы |
| С5 | Мәшһүр Жүсіп Көпеев өмірі мен шығармашылығы 45. Мақыш Қалтаев өмірі мен шығармашылығы |
| С6 | М.Байзаков және Тайыр Жомартбаев өмірі мен шығармашылығы |
| С7 | Ш. Құдайбердіұлының өмірі мен шығармашылығы |
| С8 | М.Сералиннің өмірі мен шығармашылығы |
| С9 | С. Көбеев пен С. Донентаевтың өмірі мен шығармашлығы |
| С10 | С. Торайғыров өмірі мен шығармашылығы |
| С11 | Ә. Тәнірбергенұлының өмірі мен шығармашылығы |
| С12 | А.Байтұрсынов өмірі мен шығармашылығы |
| С13 | М.Дулатов өмірі мен шығармашылығы |
| С14 | Мағжан Жұмабаев өмірі шығармашылығы |
| С15 | Ж. Аймауытов өмірі мен шығармашылығы |
| | **Жалпы: 30 сағат** |
| С1 | С.Сейфуллин өмірі мен шығармашылығы |
| С2 | Б. Майлин омірі мен шыгармашылығы |
| С3 | И. Жансүгіров өмірі мен шығармашылыгы |
| С4 | С.Мұқанов өмірі мен шығармашылығы |
| С5 | М.Әуезов өмірі мен шығармашылығы |
| С6 | Ғ.Мүсірепов өмірі мен шығармашылығы |
| С7 | Ғ.Мұстафин өмірі мен шығармашылығы |
| С8 | Ғ.Орманов өмірі мен шыгармашылығы |
| С9 | К.Аманжолов өмірі мен шығармашылығы |
| С10 | Ә. Тәжібаев өмірі мен шығармашылығы |
| С11 | Қ.Мырзалиев өмірі мен шығармашылығы |
| С12 | М.Макатаев өмірі мен шығармашылыгы |
| С13 | М.Әуезов өмірі мен шығармашылығы |
| С14 | Ғ.Мүсірепов өмірі мен шығармашылығы |
| С15 | Ғ.Мұстафиннің өмірі мен шығармашылығы |
| | **Жалпы: 30 сағат** |

**Өзіндік білім**

| № | Өзіндік білім тақырыптары | Ажыратыл-ған сағат |
|---|---|---|
| | **V семестр** | |
| 1. | Өз бетінше ізденеді, мазмұндық тұрғыдан конспект жасайды | 20 |
| 2. | Презентация жасау | 10 |
| 3. | Конспект жасау, Глоссарий дайындау | 10 |
| 4. | Реферат дайындау, Сөздіктер бойынша глоссарий жазу | 10 |
| 5. | Тақырып бойынша презентация және реферат дайындайды. | 10 |
| | **Жалпы** | 60 |

| 1. Өзіндік білім | | |
|---|---|---|
| № | Өзіндік білім тақырыптары<br>Қалпы | Ажратылған сағат |
| **VI семестр** | | |
| 1 | слайд жасау | 30 |

| | | |
|---|---|---|
| 2 | Реферат жазу | 30 |
| 3 | Курс жұмысы | 30 |
| | **Жалпы:** | **60 сағат** |

| | **Курс жұмысы тақырыптары** |
|---|---|
| 1 | Сүйінбай – айтыскер ақын |
| 2 | Шөже – төкпе ақын |
| 3 | Майлықожа ақындығы |
| 4 | М.Өтемісұлы күрескер ақын |
| 5 | Ақан сері – әнші ақын |
| 6 | Біржан сал – айтыскер ақын |
| 7 | Сара ақындығы |
| 8 | М.Көпеев – талантты ақын |
| 9 | Әнші ақындардың қазақ әдебиетіндегі орны |
| 10 | Ғ.Мүсіпрепов шығармаларындағы ана бейнесі |
| 11 | Қ.Аманжолов поэзиясындағы Отан бейнесі |
| 12 | Ы. Алтынсарин – талантты жазушы |
| 13 | А.Байтұрсынов - фольклортанушы ғалым |
| 14 | Махамбет поэзиясындағы Исатай бейнесі |
| 15 | Б.Майлин әңгімелерінің көркемдік ерешеліктері |
| 16 | М.Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясындағы Абай бейнесі |
| 17 | М.Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясындағы Құнанбай бейнесі |
| 18 | М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романындағы Жамал бейнесі |
| 19 | М.Жұмабаев – лирик ақын |
| 20 | М.Шаханов – ұлт мүддесін қорғаушы тұлға |
| 21 | Ж.Аймауытов романдарының көркемдік ерекшеліктері |
| 22 | А.Тоқмағамбетов-сатирик ақын. |
| 23 | Жамбыл – ұлы сахараның жыршысы |
| 24 | Абай – қазақтың кемеңгер ақыны |
| 25 | Қ.Мырзалиев және қазақ поэзиясы |
| 26 | А.Байтұрсынов – әдебиеттанушы ғалым |
| 27 | Жамбыл - сахара сұңқары |
| 28 | Сұлтанмахмұт – дәуір ақыны |
| 29 | XX ғасыр басындағы баспасөз мәселесі |
| 30 | М.Сералин – публицист жазушы |
| 31 | Ә.Тәңірбергенов – қиссашыл ақын |
| Курс жұмысының тақырыбы ғылыми, практикалық маңызы жағынан аталып, жүйелі түрде талданылған тілдік деректер негізінде сипатталуға тиіс. Демек, курс жұмысы ғылыми-зерттеу ісінің алғашқы бір түрі болып саналады. Курс жұмысы бір жыл бойында әзірленеді. Бұл – VI семес тр үшін орындайтын жұмысқа V семестрдің басында кірісуі керек деген сөз. Курс жұмысының көлемі 20 беттен кем болмауы және А4 параққа жазылып, түптетілуі қажет. Курс жұмысының орындалуы кафедраның әдістемелік нұсқауында көрсетілген. | |
| | 1. Оқыту технологиялары мен әдістері: *Лекция* – интербелсенді әдістер; жұп және топпен жұмыс жасау; өзіндік пікір білдіру және оны қорғау; презентация жасау. |

| | |
|---|---|
| | *Семинар жаттығулары* – тақырыпқа тиісті материалдарды жинақтау, талдау, саралау сияқты жұмыстар орындалады.<br>Өзіндік жұмыстар төмендегі түрлер бойынша амалға асыру ұсынылады:<br>- эссе жазу – өзекті мәселе бойынша жеке сыни пікірін жазбаша баяндау;<br>- баяндама жасау;<br>- мәтіндік талдау жасау;<br>- күрделі тақырыптарға конспект жазу;<br>- қосымша материалдарды жинау және саралау;<br>- тақырыптар бойынша тест құрастыру;<br>- кейс тапсырмаларын орындау. |
| | 8. Кредит топтау үшін талаптар:<br>Пәнге тиісті теориялық және әдістемелік ұғымдарды толық меңгеру, талдау нәтижелерін дұрыс баяндау, үйренілген үдерістер туралы өзіндік пікірге ие болу. Аралық бақылау формасында берілген міндеттер мен тапсырмаларды орындау, қорытынды бақылау бойынша ауызша немесе жазбаша жұмыс түрін тапсыру. |
| | 9. Пән бойынша студенттер білімін бағалау және бақылау критерийлері<br>Студенттердің оқу нәтижелері 100 балдық рейтинг жүйесінде бағаланады. Студенттердің оқу нәтижелері бойынша балдарын конвертатция жасау ECTS (European Credit Transfer System) жүйесі негізінде амалға асырылады. |

Оқу нәтижелерін бағалау үшін балдар төмендегі тәртіпте амалға асырылады:

| Ағымдағы бақылау балы | Аралық бақылау балы | Қорытынды бақылау балы |
|---|---|---|
| Аудитория жаттығуларында берілген тапсырмаларды орындағаны үшін – ағымдағы бағалау (Ағ.Б.);<br>Өзіндік білім тапсырмаларын орындағаны үшін – өзіндік жұмысты бағалау (Өз.Ж.Б.); | Аралық бақылау кезінде жауап бергені үшін – аралық бақылау балы (Ар.Б.Б.)<br>Өзіндік білім тапсырмаларын орындағаны үшін – өзіндік жұмысты бағалау (Өз.Ж.Б.); | Қортынды бақылау кезінде жауап бергені үшін – қорытынды бақылау балы (Қор.Б.Б.) |
| *Ағымдағы бақылаудың максимал балы – 30 балл:*<br>ΣАғ.Б = Ағ.Б + Өз.ЖБ | *Аралық бақылаудың максимал балы – 20 балл:*<br>ΣАр.Б = Ар.Б.Б + Өз.ЖБ | *Қорытынды бақылаудың максимал балы: - 50 балл* |

*ΣАғ.Б. + ΣАр.Б. > 30 балл жинаған студент қорытынды бақылау тапсыруға рұқсат беріледі.*

Модул(пән)ден меңгеру көрсеткіші (МК):

ΣМК = ΣАғ.Б + ΣАр.Б + Қор.Б

ΣМК ≥ 60 балл жинағанда модул (пән) меңгерілген болады.

Студенттердің оқу нәтижелерін бағалау критерийлері:

| Дәреже | 5 балдық жүйе (баға) | Меңгергендік көрсеткіші пайызда | Дәстүрлі | Бағалау критерийлері |
|---|---|---|---|---|
| Оқу басқарма үшін | | Профессор-оқытушылар үшін | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| A+ | 4,51 – 5 | 91 – 100 | Үлгілі | Студент материалды өз бетінше меңгереді: қателіктерге жол қоймайды, сабақ процесінде белсенділік танытады, сұрақтарға толық және анық жауап береді. |
| A | 4,26 – 4,5 | 86 – 90 | | Студент материалды өз бетінше меңгереді, қателерге жол қоймайды, сұрақтарға толық және анық жауап береді. |
| B+ | 4,01–4,25 | 81 – 85 | Жақсы | Студент материалдарды жақсы меңгерген, өзіндік пікірге ие, сұрақтарға толық және анық жауап береді, бірақ аздап болар-болмас қателіктерге жол қояды. |
| B | 3,51 – 4,0 | 71 – 80 | | Студент материалдарды жақсы меңгерген, сұрақтарға толық және анық жауап береді, бірақ аздап болар-болмас қателіктерге жол қояды.. |
| C+ | 3,26 – 3,5 | 66 – 70 | Қанағат-танарлы | Студент негізгі материалды меңгереді, бірақ анық баяндауға қиналады, сұрақтарға жауап беруде анықтық жетпейді, материалды баяндауда кейбір қателіктерге жол қояды, қарым-қатынас процесінде қиындықтарға кез болады. |
| C | 3,0 – 3,25 | 60 – 65 | | Студент негізгі материалды меңгереді, бірақ анық баяндауға қиналады, сұрақтарға жауап беруде нақтылық жетпейді, материалды баяндауда кейбір қателіктерге жол қояды. |
| F | 3,0 ден төмен | 60 тан төмен | Қанағат-танарсыз | Студент негізгі материалды меңгере аламайды, сұрақтарға жауап бере аламайды, сабақ процесінде белсенділік танытпайды. |

**Негізгі әдебиеттер**


| | |
|---|---|
| 1. | Қирабаев С Қазіргі қазақ әдебиеті. Алматы, 1998 |
| 2. | **Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы Алматы, «Санат», 1997. – 996 б.** |
| 3. | Қалижанов У Қазақ әдебиетінде діни ағартушылық ағым. Алматы, «Санат»,1998. |
| 4 | Абдувалитов Е. Қазақ әдебиеті тарихы. Ташкент, 2020. |


**Қосымша әдебиеттер:**


| | |
|---|---|
| 1. | Қазақ әдебиеті тарихының өзекті мәселелері. Алматы, 1993 ж. |
| 2. | Сыдықов Т. Қазақ тарихи романы. Алматы, 1996 ж. |
| 3. | Дәдебаев Ж. Қазіргі қазақ әдебиеті. Алматы, 2002 ж. |
| 4. | Мағауин М. Ғасырлар бедері. Алматы, 1991 ж. |

1. Mirziyoev Shavkat Miromonovich. Tanqidiy tahlil, qat’iy tartib-intizom va shaxsiy javobgarlik – har bir rahbar faoliyatining kundalik qoidasi bo‘lishi kerak. Mamlakatimizni 2016 yilda ijtimoiy-iqtisodiy rivojlantirishning asosiy yakunlari va 2017 yilga mo‘ljallangan iqtisodiy dasturning eng muhim ustuvor yo‘nalishlariga bag‘ishlangan Vazirlar Mahkamasining kengaytirilgan majlisidagi ma’ruza, 2017 yil 14 yanvar / Sh.M. Mirziyoev. – Toshkent: O‘zbekiston, 2017. – 104 b.
2. Mirziyoev Shavkat Miromonovich. Qonun ustuvorligi va inson manfaatlarini ta’minlash – yurt taraqqiyoti va xalq farovonligining garovi. O‘zbekiston Respublikasi Konstituціyasi qabul qilinganining

24 yilligiga bag'ishlangan tantanali marosimdagi ma'ruza. 2016 yil 7 dekabr / Sh.M.Mirziyoev. – Toshkent: "O'zbekiston", 2017. – 48 b.
3. Mirziyoev Shavkat Miromonovich. Buyuk kelajagimizni mard va olijanob xalqimiz bilan birga quramiz. Mazkur kitobdan O'zbekiston Respublikasi Prezidenti Shavkat Mirziyoevning 2016 yil 1 noyabrdan 24 noyabrga qadar Qoraqalpog'iston Respublikasi, viloyatlar va Toshkent shahri saylovchilari vakillari bilan o'tkazilgan saylovoldi uchrashuvlarida so'zlagan nutqlari o'rin olgan. /Sh.M.Mirziyoev. – Toshkent: "O'zbekiston", 2017. – 488 b.
4. Mirziyoev Shavkat Miromonovich. Yangi O'zbekiston strategiyasi.-Toshkent, 2021 – 458 b.
**5.Тілепов Ж. Қазақ халқының хандык дәуір әдебиеті. Алматы: Қазақ университеті, 2020- 289 б[3].**

**Өзбекстан Республикасы Президентінің Жарлықтары**

1. O'zbekiston respublikasini yanada rivojlantirish bo'yicha harakatlar strategiyasi to'g'risida. (O'zbekiston Respublikasi qonun hujjatlari to'plami, 2017. 6-son, 70-modda).
2. O'zbekiston Respublikasi Prezidentining 2020. 6-noyabrdagi "O'zbekistonning yangi taraqqiyot davrida ta'lim - tarbiya va ilm - fan sohalarini rivojlantirish chora tadbirlari to'g'risida" gi PF - 6108 - son farmoni.

**Ақпараттық дереккөздер**

1. http://www.edu.uz–O'zbekiston Respublikasi Oliy va o'rta maxsus ta'lim vazirligi sayti.
2. http:www.uzedu.uz – O'zbekiston Respublikasi Xalq ta'limi vazirligi sayti.
3. http://www.gov.uz– O'zbekiston Respublikasi xukumati portali.
4. http://www.ziyonet.uz/
5. http://www.bilim.kz
6. http://adebiportal.kz/
7. http://kitaphana.kz
8. https://massaget.kz/
**9.https://farabi.university/?lang=kz**
**10. https://elibrary.kaznu.kz/kk/**

Білімгердің пән бойынша өздестіру көрсеткішін қадағалауда төмендегі өлшемдер ұсыныс етіледі:

**а) 5 баға алу үшін білімгерлердің білім дәрежесі төмендегілерге жауап беруі лазым:**

- пәннің мазмұны мен маңызын толық баяндай алса;
- пәндегі тақырыптарды баяндауда ғылымилық пен логикалық ізбе-іздікті сақтап, ғылыми қателік пен алжасуларға жол қоймаса;
- пән бойынша тақырып материалдарын теориялық және практикалық маңызы туралы анық ұғымға ие болса;
- пән шеңберінде өзіндік еркін пікірлеу қабылетін білдіре алса;
- берілген сауалдарға анық әрі қарапайым жауап бере алса;
- конспектке сауатты дайындалған болса;
- өзіндік жұмыстарды толық әрі анық орындаған болса;
- пәнге тиісті заңдылықтар мен басқа құқықи құжаттарды толық өздестірген болса;
- пәнге тиісті тақырыптың біріне ғылыми мақала жариялаған болса;
- тарихи үдерістерді өз сөзімен айтып бере алса.

**б) 4 баға алу үшін білімгерлердің білім дәрежесі төмендегілерге жауап беруі лазым:**

- пәннің мазмұны мен маңызын түсінген, пәндегі тақырыптарды баяндауда ғылымилық пен логикалық ізбе-іздікті сақтамай алжасуларға жол қоймаса;
- пәннің практикалық маңызын түсінген болса;
- пән бойынша берілген уазипа мен тапсырмаларды оқу бағдарламасы төңірегінде орындаса;
- пән бойынша берілген сауалдарға тура жауап бере алса;
- пән бойынша конспектті сауатты қалыптастырған болса;
- пән бойынша өзіндік жұмыстарды толық орындаған болса;
- пәнге тиісті заңдылықтар мен басқа да құқықи құжаттарды өздестірген болса;

**в) 3 баға алу үшін білімгерлердің білім дәрежесі төмендегілерге жауап беруі лазым:**

[3] https://kazneb.kz/kk/bookView/view?brId=1566594

- пәннің бойынша жалпы түсінікке ие болса;
- пәндегі тақырыптарын тар шеңберде сәулелендіріп, баяндауда кейбір алжасуларға жол қойса;
- баяндауы анық болмаса;
- пән шеңберінде өзіндік еркін пікірлеу қабылетін білдіре алса;
- пән бойынша сауалдарға екұшты әрі алжас жауап берсе;
- пән бойынша мәтін анық қалаптастырылмаған болса;

**г) төмендегі жағдайда білімгерлердің білім дәрежесі қанағаттандырарсыз 2 бағасымен бағалануы мүмкін:**

- пән бойынша мәліметтерге дайындық көрмеген болса;
- пән бойынша жаттығуларға байланысты еш қандай түсінікке ие болмаса;
- пән бойынша мәтіндерді басқалардан көшіріп алғаны біліініп тұрса;
- пән бойынша мәтінде ерекше қате кемшіліктерге жол қойған болса;
- пәнге байланысты берілген сұрақтарға жауап алынбаса;
- пәнді білмесе.

**Пән оқытушылары туралы мәлімет**

| | |
|---|---|
| **Автор:** | Ғ.Мамбеткаримов ассистент оқытушы |
| **E-mail:** | garipullamambetkarimov@gmail.com |
| **Оқу орны:** | НМПИ "Қазақ тілі және әдебиеті" кафедрасы |
| **Пікір білдірушілер:** | С.Матякубов Филология ғылымдары кандидаты, доцент. |

Бұл силлабус институт оқу-методикалық Кеңесінің 2025 жыл 28-06 № 11-санды мәжілісі баяндамасымен бекітілді.

Бұл силлабус "Қаза тілі және әдебиеті" кафедрасының 2025 жыл 25 06 № 11 ___- санды мәжілісі баяндамасымен мақұлданған.

| | |
|---|---|
| **Оқу-методикалық басқарма басшысы:** | **А.Абдиев** |
| **Факультет деканы:** | **Б.Давлетов** |
| **Кафедра басшысы:** | **Ы.Құттымұратова** |
| **Түзуші:** | **Ғ.Мамбеткаримов** |